

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства

Қалпына келтіру бойынша технологияларды айқындау
үшін санацияларға дейін құбыр жолдарын
телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша
жұмыстар жүргізудің

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

производства работ по телевизионному
инспекционному обследованию трубопровода до
санации для определения технологии по
восстановлению

ТК 4.01-07-2012

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства

Астана 2012

ТК 4.01-07-2012. Технологиялық карта

ТК 4.01-07-2012. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|--|--|
| 1. ӨЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 10.12.2012 жылғы № 605 бұйрығымен 01.05.2013 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|---------------------------------|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | АО «КазНИИСА» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 10.12.2012 года № 605 с 01.05.2013 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

| | |
|--|----|
| 1 Жалпы ережелер..... | 1 |
| 2 Қолдану аясы | 1 |
| 3 Нормативтік сілтемелер | 2 |
| 4 Қолданылатын машиналар мен механизмдердің сипаттамалары..... | 3 |
| 5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы | 9 |
| 6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік..... | 19 |
| 7 жұмыс сапасына қойылатын талаптар | 23 |
| 8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау | 25 |
| 9 Еңбек шығындарының калькуляциясы..... | 30 |

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ ҮШІН САНАЦИЯЛАРҒА ДЕЙІН ҚҰБЫР ЖОЛДАРЫН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ИНСПЕКЦИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізу күні 2013-05-01

1 Жалпы ережелер

1.1 Қалпына келтіру бойынша технологияларды айқындау үшін санацияларға дейін құбыржолдарын телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық карта (бұдан әрі мәтін бойынша – құбыржолдарын телеинспекциялау) Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиялары мен механизмдері бойынша құрылысты оңтайлы шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық карта қалпына келтіру бойынша технологияларды одан әрі айқындау үшін санацияларға дейін құбыржолдарын телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды орындауды көздейді.

1.4 Технологиялық карта мынадай бөлімдерді қамтиды:

- қолдану аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылаты материалдардың сипаттамасы;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасын қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимі еңбекті бөлуді, аспаптар мен құрал-саймандарды жетілдіруді қолдануды есепке ала отырып, жұмыс орнын оңтайлы ұйымдастыру кезінде еңбек процестерінің оңтайлы қарқыны, жұмыс бригадалары арасында міндеттемелерді нақты бөлу талаптарынан қабылданған.

2 Қолдану аясы

2.1 Технологиялық карта қалпына келтіру бойынша технологияларды одан әрі айқындау үшін санацияларға дейін құбыржолдарын телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды орындау кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 3.05.04 басшылыққа алған жөн.

2.2 Аталған технологиялық карта жұмыс жүргізудің мынадай талаптарын сақтай отырып, телеинспекциялық жабдықтардың көмегімен технологиялық жағдайы туралы деректерді жинау мақсатында елді мекендердегі құрылболдарының (сумен қамту, жылумен қамту және кәріз жүйелері) техникалық жағдайына аспаптық бақылау ұйымдастыруды және жүргізуді қарастырады:

- құбыржолдарын телеинспекциялау бойынша жұмыстар ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 3.05.04, басқа да нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына, жұмыс жүргізу жобасына (ЖЖЖ) және осы технологиялық картаға сәйкес орындалуы тиіс;
- жұмыс орындарын жарықтандыру МЕМСТ 12.1.046 сәйкес болуы қажет;
- құбыржолдарын телеинспекциялау бойынша жұмыстарды орындау кезінде температуралық-ылғалдылық режимі ҚНЖЕ 3.05.04 талаптарына, қолданылатын жабдықтарды пайдалануға беру бойынша паспорттар мен нұсқауларға сәйкес қабылданады.

2.3 Қалпына келтіру бойынша технологияларды одан әрі айқындау үшін санацияларға

дейін құбыржолдарын телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстар, мынадай технологиялық бірізділікпен орындалады;

а) дайындық жұмыстары

б) негізгі және қосымша жұмыстар:

- телеинспекциялық жабдықтарды дайындау;

- телеинспекциялаудың итерілетін жүйелердің көмегімен құбыржолдарын телеинспекциялау;

- комплексы өздігінен жүретін роботтехникалық кешенінің көмегімен құбыржолдарын телеинспекциялау;

- тербелмелі модуль (тербелмелі теледиагностикалық кешен) базасында құбыржолдарын телеинспекциялау;

- телеинспекциялық жабдықтарды бөлшектеу;

в) қорытынды жұмыстар.

2.4 Құбыржолдарын телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 3.05.04 талаптары және басқа да қолданыстағы жұмыс жүргізу жобасының НТҚ және осы технологиялық картаның 2.2-тармағы сақталған кезде жылдың кез келген уақытында жұмыстарды орындауды көздейді.

2.5 Технологиялық картаның жұмыс жүргізудің нақты объектілеріне және шарттарымен байланысы жұмыс көлемдерін, еңбек және материалдық-техникалық ресурстардағы қажеттілік деректерін, механикаландыру құралдарын нақтылаудан, сапаны бақылау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша іс-шараларды түзетуден тұрады.

2.6 Осы технологиялық картаны пайдалану кезінде ағымдағы жылға арналып жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және архитектура, қала құрылысы, құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің тізбесі бойынша НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық нұсқаулар бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме жасалған НҚА мен НТҚ ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы технологиялық картаны қолданған кезде, ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ басшылыққа алу қажет.

Егер сілтеме жасалған НҚА мен НТҚ ауыстырылмай күшін жойса, онда сілтеме жасалған оның ережесі осы сілтемені қозғаймайтын бөлікте қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттамалар (НТҚ) пайдаланылды

ҚР ТЖМ-ның 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Жүккөтергіш крандардың құрылғылары және пайдалануға беру бойынша өндірістік қауіпсіздік талаптары .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі қағидалары.

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001

Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

ҚР ҚН 1.03-00-2011

Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салуды ұйымдастыру.

ҚНЖЕ 3.05.04-85*

Сыртқы желілер және сумен қамту және кәріз құрылысы

МЕМСТ 12.1.004-91

ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.013-78

ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

| | |
|-----------------------------|--|
| СТ ҚР МЕМСТ Р 12.4.026-2002 | Сигнал беру түстері, қауіпсіздік белгілері және сигнал беру таңбасы. Жалпы техникалық шарттар және техникалық шарттар мен қолданылу тәртібі. |
| МЕМСТ 12.1.046-85 | Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары |
| МЕМСТ 12.4.059-89 | ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру құрал-саймандық қоршаулар. Жалпы техникалық шарттар. |
| МЕМСТ 12.4.087-84 | ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс дулығалары. Техникалық шарттар. |
| МЕМСТ 12.4.089-86 | ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру белдіктері. Жалпы техникалық шарттар. |
| МЕМСТ 10597-87 | Маляр қылқаламдары және щеткалар. Техникалық шарттар. |
| МЕМСТ 23407-78 | Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің құрал-саймандық құрылыс алаңдарын және учаскелерін қоршау. Техникалық шарттар. |

4 Қолданылатын машиналар мен механизмдердің сипаттамалары

Санцияларға дейін құбыржолдарын телеинспекциялау бойынша жұмыстар мынадай жабдық түрлерінің көмегімен орындалады:

- итерілетін телеинспекциялық жүйе;
- өздігінен жүретін роботтехникалық кешен;
- тербелмелі модуль базасындағы кешен.

4.1 Итерілетін телеинспекциялық жүйелер

Итерілетін телеинспекциялық жүйелер кіші диаметрлері 50 мм-ден 250 мм-ге дейінгі түрлі құбыржолдарының коммуникацияларына телеинспекциялау жүргізуге арналған.

Тексерілетін учаскенің ұзындығы 250 м дейін. Итерілетін жүйе орнатылған реттеу пульті, айналмалы бейнекамерасы жән түрлі түсті мониторы бар ықшам автоматты түрде басқарылатын аспапты қамтиды.

Құбыржолы бойынша аспапты жылжыту арнайы итерілетін кабель арқанның көмегімен жүзеге асырылады, сонымен қатар ол диагностикалық жүйені электрлік қоректендіруді және мониторға деректерді беруді қамтамасыз етеді.

Телеинспекциялық итерілетін жүйелер мынадай негізгі элементтерден тұрады:

- басқару бекеті;
- итерілетін кабелі бар барабан;
- бейнекамерлар;
- бағытталған жылжымалар;
- щеткалы жылжымалар;
- автомобиль тұтандырғышынан қосылуға арналған бейімдуіштер;
- бейнекамераның тұмшалануын тексеру тесті.

Итерілетін телеинспекциялық жүйелердің сыртқы түрі 1-суретте келтірілген.



1-сурет – Итерілетін телеинспекциялық жүйелердің сыртқы түрі

Басқару бекеті – қайталама монитордан тұратын, өткен аралықтағы есептеуіші, мониторға арналған жиналмалы жаппай қорғау қалқаны, мониторды және электр қоректендіруді қосуға арналған камералардың жарық беру және ажыратқылары бар компьютерлендірілген жабдық.

Ұзындығы 50 мм және диаметрі 7 мм итерілетін кабелі бар барабан. Барабанда тотығуға төзімді серіппесі бар камераның болат штекер белгіленді.


Өлшемі 36 мм × 53 мм бейнекамера диаметрі 50 мм құбырларда 90° иілуден өтеді. Жарық диодты жарық бергіші бар, шолу бұрышы 80°, объективтік кварцті шынымен қорғалған, 20 бар қысымға шыдайды.

4.2 Өздігінен жүретін роботтехникалық кешені

Өздігінен жүретін роботтехникалық кешені, көлік модулінің көмегімен ішкі диаметрі 150 мм болатын түрлі құбыр өткізгіш коммуникациялардың телеинспекцияларды өткізуге арналған. Максималды диаметрі 1200 мм дейінгі құбыржолдарды сумен (ағынымен) толтыру кезінде 40 % болады. Роботтехникалық кешені мынадай негізгі элементтерден тұрады:

- басқару бекеті;
- роботы бар өздігінен жүретін арба;
- қоректендіруші және телевизиялық кабелі бар барабандар;
- бейне рекордер;
- бейне декодер.

Өздігінен жүретін роботтехникалық кешенінің сыртқы түрі 2-суретте келтірілген.



2-сурет - Өздігінен жүретін роботтехникалық кешенінің сыртқы түрі

Өздігінен жүретін роботтехникалық кешенін басқару бекеті – бұл орталық процессорды, ақпарат енгізу құрылғысын (ноутбук немесе стационарлық перне тақта), ақпаратты шығару құрылғысын (түрлі түсті монитор, принтер) және қашықтықтан басқару пультіні қамтитын компьютерлендірілген жабдық.

Роботы бар өздігінен жүретін арба төрт дөңгелекті жетегі бар, камерамен және жарық беру лампасымен жабдықталған толық басқарылатын механизм болып табылады. Орындалған және мәлімделген жинақтамаға байланысты арба көтергіш құрылғымен, қосымша дөңгелектермен, жарық беру элементтерімен және т.б. жарақталуы мүмкін.

Өздігінен жүретін арба барабанға оралған қоректендіруші және телевизиялық кабелдердің көмегімен басқару бекетіне жалғанады. Жинақталуына байланысты барабандар қолмен және механикаландырылған берумен беріледі, қосымша кабелдің ұзындығындай есептеуішпен, қашықтықтан басқарумен, кабелдерді беруді синхорндау механизмімен, сақтандыру арқанымен және т.б. жарақтандырылады.

4.3 Тербелмелі модуль базасындағы теледиагностикалық кешен


Тербелмелі модуль базасындағы теледиагностикалық кешен суды (ағынды) 70 %-ға дейін толтыра отырып, диаметрлері 700 мм-ден 2000 мм-ге дейін құбыржолдарды (коллекторларды) тексеруге арналған.

Тербелмелі кешеннің артықшылықтарының бірі құбырлардағы жоғары өтімділік болып табылады, онда көптеген бөмұндағы мәндер бар. Кешеннің артықшылығы жұмыс жағдайында пайдаланудың және күтіп ұстаудың қарапайымдылығы болып табылады.

Тербелмелі модуль базасындағы теледиагностикалық кешен мынадай негізгі элементтерден тұрады:

- басқару бекеті;
- роботпен қайықша механизмі;
- қоректендіруші және телевизиялық кабелі бар барабандар;
- бейне рекордер;
- бейне декодер.

Тербелмелі модуль базасындағы теледиагностикалық кешенінің сыртқы түрі 3-суретте келтірілген.



3-сурет - Тербелмелі модуль базасындағы теледиагностикалық кешенінің сыртқы түрі

Кешенді басқару бекеті – бұл орталық процессорды, ақпарат енгізу құрылғысын (ноутбук немесе стационарлық перне тақта), ақпаратты шығару құрылғысын (түрлі түсті монитор, принтер) және қашықтықтан басқару пультін қамтитын компьютерлендірілген жабдық.


Қайықша механизмі барабанға оралған қоректендіруші және телевизиялық кабелдердің көмегімен басқару бекетіне жалғанады. Жинақталуына байланысты барабандар қолмен және механикаландырылған берумен беріледі, қосымша кабелдің ұзындығындай есептеуішпен, қашықтықтан басқарумен, кабелдерді беруді синхрондау механизмімен, сақтандыру арқанымен және т.б. жарақтандырылады.

4.4 Құбыр жолдарының телеинспекциясы бойынша жұмыстарды орындаудың жинақтау және жұмылдыру үшін телеинспекциялық кешеннің барлық жабдықтары автофургон (арнайы жылжымалы зертхана) базасында жөнделеді. Автофургонның жүк және жолаушылар бөлігі екі бөлікке бөлінеді: оператор бөлік және телеинспекциялық жабдықтың артқы бөлік. Бөліктердің сыртқы түрі тиісінше 4 және 5-суреттерде келтірілген.



- 1-Люк
- 2-Қабырғалар мен төбені жылыту
- 3-Бөлу аралығы
- 4-Негізгі монитор
- 5-Артқы бөлікті және жұмыс аймағын бейне бақылауға арналған монитор
- 6-Терезе
- 7-Басқару блогы
- 8-Басқару пульті
- 9-Екі тумбочкасы бар оператор үстелі
- 10-Оператордың креслосы
- 11-Екі қосымша орындық
- 12-Оператор бөлігіндегі еден төсемі

4-сурет – Оператор бөлігінің сыртқы түрі



- 1-Оператор мен артқы бөліктер арасындағы бөлу аралықтары
- 2-Қосымша прожектор
- 3-Артқы жақты шолу бейнекамерасы
- 4-Тазарту жүйесі (сорғы, шлангілер, саптамалар және суы бар бак)
- 5-Роботтың бейне камерасынан көрініс алуға монитор
- 6-Кешеннің кабельдік барабаны
- 7-Пайдаланылған газды бөлетін жүйесі бар бензиндік электр агрегаты
- 8-Қабырғалар мен еденнің артқы бөлігін тотығуға қарсы жабыны бар болат табақпен қаптау
- 9-Роботтарды бекіту жүйесі
- 10-Жиынтықтың дөңгелегін бекіту жүйесі
- 11- Тербелмелі модуль базасын бекіту жүйесі
- 12-Роботтарды сақтау және қамтамасыз ету үшін жылжымалы табандықтар
- 13-Азотты үрлеу құрылғысын бекіту

5-сурет – Телекоммуникациялық жабдықтың артқы бөліктің сыртқы түрі

4.5 Құбыржолдарының инспекцияланатын учаскелеріндегі және су бөлу құдықтарындағы ағынды сулардың деңгейінен суды азайту немесе ағынды суларды айдау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін жұмыстарды орындау процесінде мынадай негізгі техникалық сипаттамасы бар автономды сорғы қолданылады:

- сорғының өнімділігі 46 м³/сағ;
- қозғалтқыштың қуаты 3,7 кВт;
- көтергіштің максималды биіктігі 30 м;
- лақтырудың максималды биіктігі 7,6 м;
- салмағы 55 кг.

Автономды сорғының сыртқы түрі 6-суретте келтірілген.



6-сурет - Автономды сорғының сыртқы түрі

4.6 Роботтехникалық кешенін электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін мынадай негізгі техникалық сипаттамасы бар жылжымалы электр станция қолданылады:

- электр станцияларының қуаты 2,1 кВА;
- қозғалтқыштың қуаты 3,2 кВт;
- өндірілетін кернеу 230 В;
- салмағы 43 кг.

Жылжымалы электр станцияларының сыртқы түрі 7-кестеде келтірілген.



7-кесте - Жылжымалы электр станцияларының сыртқы түрі

4.7 Құдықта жүкті көтеру, ұстап тұру және түсіру үшін жүкарбаның көмегімен немесе қолмен орындалуы тиіс. Орындауға байланысты жүкарбаның автофургонның немесе стационардың рамасында жөнделген электрлік немесе қол жетегі бар болуы қажет. Қол жетегі бар жүкарбаның сыртқы түрі 8-суретте келтірілген.



8-сурет - Қол жетегі бар жүкарбаның сыртқы түрі

5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

5.1 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Құбыржолдар телеинспекциясы бойынша Жұмыс жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттамалардың, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.1.2 Құбыржолын телевизиялық тексеру бойынша жұмыс өндірісі басталғанға дейін мыналарды:

- отандық жұмыс өндірушіні тағайындау;
- құбыржолдарын пайдалануға беруші отандық ұйымдардың өкілдерін шақыру және инженерлік жүйелердің қорғалатын аймағындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға наряд-рұқсаттама алу;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, электр, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерге нұсқау жүргізіп, нұсқауларды тіркеу журналында қол қойғызу;
- жұмыс персоналын осы техникалық картамен таныстыру;
- жұмысшылар мен қызметшілерді қажетті машиналармен, механизмдермен, құрал-саймандармен, құралдармен, жабықтармен, арнайы киімдермен, аяқ киімдермен, қорғаушы каскалдармен, респираторлармен, газтұтқыштар мен басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
- телеинспекциялар үшін учаскені анықтау;
- олар арқылы телеинспекциялық жабдықтарды іске қосу жүргізілуі тиіс құдықтарды (жаңбыр суын қабылдағыштарды) айқындау;
- жұмыстарды орындау учаскелерін және жұмыс орындарын ұйымдастыруды ҚР ҚНжЕ 1.03-06 және ЖЖЖ (жұмыс учаскелерін қоршау; құрылыс машиналарын және механизмдерін орналастыру үшін алаңдарды дайындау, материалдарды және бұйымдарды және т.б. қаттау алаңдары);
- бекітпе арматураларды бөлшектеуді жүргізу;
- суды (ағынды) уақытша айдау жүйесін ұйымдастыру;
- қарау құдықтарындағы улы газдардың концентрациясын төмендету бойынша іс-шараларды орындау (желдету, ішке сору желдеткіштері);
- Жұмыс жүргізудің қауіпті аймақтарының периметрі бойынша дабылды қоршау орнату (МЕМСТ бойынша 23407);
- жұмыс учаскелерін уақытша электроэнергиясымен қамту және жарықтандырумен қамтамасыз ету (МЕМСТ бойынша 12.1.046);
- машиналардың, механизмдердің және қол электрлендірілген құрал-саймандардың дұрыстығын тексеру.

Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитарлық гигиена және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау отырып, өндірістік процес талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайын болуы тиіс.

Жұмыс орнындағы жабдықтардың, мүліктердің орналасуы жұмысқа кедергі келтірмейтін, құрал-саймандарға және жарақтарға баруға және іздеуге артық уақыт шығындамау үшін есептеліп жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құрал-саймандар мен құрылғылардың саны оларды алуға және ауыстыруға ең аз уақыт шығындарымен смена ішінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететін, барынша қажетті болуы тиіс.

Құрал-саймандар мен құрылғылар пайдалануға қолайлы тәртіпте белгілі бір жұмыс орнында орналасуы тиіс.

5.1.3 Құбыр жолдарын телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды


мынадай құрамдағы бригада орындайды:

- 7 разряд роботтехникалық кешенінің операторы (Ок) – 1 адам;
- 5 разряд роботтехникалық кешені операторының көмекшісі (ПО) – 1 адам;
- 3 разряд (С1, С2, С3) авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының (АКЖ) слесарі – 3 адам.

Электр құрал-саймандарымен және электр жабдықтарымен жұмыс істейтіндерде электр қауіпсіздігі бойынша 1 біліктілік тобы бар болуы тиіс.

Іштен жанатын қозғалтқышы, автономды сорғысы бар жылжымалы электр станциясына, сондай-ақ өзге де механикалық жабдықтарына қамтамасыз ету үшін жұмыс кешенінде 4 разряд электр станциясының машинисті қатысады (Мэ) – 1 адам.

5.1.4 Құбыржолдарының телевизиялық инспекциясы бойынша жұмыстарды орындау кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру схемасы 8, 9-суреттерде келтірілген.



- 1 – инспекцияланған құбыр жолдары;
- 2 – роботы бар катамаран;
- 3 – жүкарба (таль);
- 4 – қоректендіруші кабелі бар барабан;
- 5 – автофургон;
- 6 – телевизиялық кабелі бар барабан;
- 7 – жылжымалы электр станциясы;
- 8 – басқару бекетінің жабдықтары;

ПО, Ок, Мэ, С1, С2, С3 – жұмысшылар мен машинисттердің орналасу орны

8-сурет - Тербелмелі модуль базасындағы құбыржолдарының телеинспекциясы кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру схемасы

бойынша нұсқаулық өтіп, жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ және осы технологиялық картамен танысып, жұмысшылар қажетті аспаптар, құрал-саймандар, материалдар алады, механизмдердің жинақтылығын және дұрыстығын тексереді.

Құбыржолдарын телевизиялық тексеру көршілес қарау құдықтарының арасында жеке бөлінген учаскелер бойынша орындалады.

Тексеруге жататын құбыр жолдары учаскелерінде жұмысты бастамас бұрын (кәріз желілерінің құдықтарында газдың болуын тексереді, құдықтарды көзбен шолу, естілмейтін қондырғыларды және т.б. орнату) қарауға дайындау қажет.

5.2.2.1 Телеинспекциялық жабдықтарды жұмысқа дайындау

Автофургон құбыр жолындағы (қарау құдығы) роботы бар (итерілетін жүйедегі тербелмелі модуль) өздігінен жүретін арбаны жүргізу орнынан жақын жерде орналастырылады және жабдықтарды түсіруді орындайды. Автофургонды жайғастыру ЖЖЖ талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Роботтехникалық кешенінің барлық негізгі және қосымша құрауыштары қолмен тиеледі. Жылжымалы электр станциясынан электрлік кабельдер басқару бекетіне және барабанға (жұқарбаға) жалғанады. Барабандардан қоректендіруші және телевизиялық кабельдер роботы бар өздігінен жүретін арбаға (итерілетін жүйедегі тербелмелі модуль) жалғанады. Қарау құдығынан суды айдау қажет болған жағдайда автономды сорғы орнатылады. Суды түсіру алдын ала түсіру нүктесін келісе отырып, таяуда пайдалануға берілген кәріздік құдықтарда орындалуы тиіс.

Жылжымалы электр станциясы отынмен толтырылады және роботтехникалық кешенінің жабдықтарын сынамалық іске қосу (тестілеу) жүргізіледі. Роботтехникасы кешенді бастапқы құдыққа түсіруді жұқарбаның көмегімен немесе қолмен орындау қажет. Жұқарбада орындауға байланысты автофургонның немесе стационардың рамасында жөнделген электрлік немесе қол жетегі бар болуы қажет.

5.2.2.2 Құбыржолының телеинспекциясы

- Телеинспекция итерілетін жүйесінің көмегімен құбыржолының телеинспекциясы.

Бейне камерасы бар кабель бастапқы құдыққа түсіріледі және құбыржолына кіре берісінде орналастырылады. Механикалық итерудің көмегімен қолмен басқарылатын оператор бекетінен екі жақты рация арқылы құбыржолының тексерілетін учаскесінің қарсы бетіндегі қабылдаушы құдықтағы шығу тесігіне құбырмен итеріледі. Бір мезетте мониторда камерасы бар бейне дабылдың бейнесі көрінеді.

- Өздігінен жүретін роботтехникалық кешенінің көмегімен құбыржолының телеинспекциясы. Құбыржолының телеинспекциясы нәтижелерді біруақытта жазумен (цифрлық және баспа түрінде) орындалады. Инспекцияланушы құбыр жолдары бойынша роботы бар өздігінен жүретін арбаны ауыстыру бір мезетте мониторда камерасы бар бейне дабылдың бейнесі көрінетін, автофургон операторының бөлігінде орналасқан қашықтықтан басқару пульті арқылы орындалады.

- Тербелмелі модуль базасындағы құбыр жолының телеинспекциясы. Жұмыс басталмас бұрын қалқыбелгінің көмегімен құбыржолына сақтандырушы арқан жіберіледі және одан кейін сақтандырушы арқан ретінде құбыржолының тексерілетін учаскесінің қарсы бетіндегі қабылдаушы құдықтан шығарып, оған бейне камерасы бар қайықша механизм жалғанады және құбыржолына телеинспекциялық жабдықты іске қосады. Арбаны матау (қайықша механизмі) жабдықтың аталған типін монтаждау және пайдалануға беру бойынша нұсқаулардың талаптарына сәйкес арнайы прошиналары (рым-сомдар) арқылы тоқыма ілмектермен орындалады.

Арбаны түсіргеннен және орнатқаннан кейін (қайықша механизмі) бастапқы жағдайдағы барабандардан қоректендіруші және телевизиялық кабель беріледі және роботталған жабдықтың тиісті ұяшығына жалғанады. Кабельге қосылған телеинспекциялық жабдықты түсіруге тыйым салынады. Кабельдердің иілген жерлерінде қорғаушы құрылғылар – блоктарды

немесе кабельдердің қабыршақшасын механикалық зақымданудан сақтайтын бағытталған науаларды орнату (жөндеу) қажет;

Инспекцияланатын құбыржолдары бойынша қайықша механизмін ауыстыру бір мезетте мониторда камерасы бар бейне дабылдың бейнесі көрінетін, автофургон операторының бөлігінде орналасқан қашықтықтан басқару пульті арқылы орындалады.

Құбыржолдарының телеинспекциясы бойынша жұмыстарды орындау процесінде көрсетілген ақпараттардың үлгісі (бағдарламалық қамтамасыз етуге байланысты) 11-суретте келтірілген.

а)



б)



в)



- а – басқару бекетінің мониторында көрсетілген робот бейнекамерасы бар деректер;
- б – параметрлерді өзгерту диаграммасының үлгісі;
- в – қағазда көрсетілген есптің үлгісі.

10-сурет – Басқару бекетінің мониторында көрсетілген робот бейнекамерасы бар деректер

Теле инспекциялау процесінде құбыржолдарының ішкі қабырғаларының жағдайын жалпы көзбен қарап, оның жергілікті учаскелерін егжей-тегжейлі зерттеуді орындауға болады.

5.2.2.3 Телеинспекциялық жабдықты бөлшеутеу

Құбыржолдарының инспекцияланатын учаскесін роботы (итерілегін жүйе, тербелмелі модуль) бар өздігінен жүретін арбамен өткеннен кейін оны қабылдаушы құдықтағы құбыржолдары шығатын жерден қабылдап алып, кабельдерден ажыратады және жұқарбаның

көмегімен үстіге береді. Қоректендіруші кабельде тығындар орнатылады. Кабельдер бір мезетте батпақтан және лайдан тазартылып барабандарға оралады және электр жетектерінің байланыстары фенмен кептіріледі. Жабдықтар жылжымалы электр станцияларынан ажыратылады және жуу үшін жоғары қысымды аппаратпен тазартылып, автофургонның артқы бөлігінде арнайы белгіленген орындарды жиналады.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Жұмыстың аяқталуы бойынша жұмысшылар жұмыс орнын қоқыстан жинайды. Люктердің қақпақтарын жабады және қоршауды алып тастайды. Машинаны жұмыстарды орындау үшін келесі орынға немесе тұраққа ауыстыруға (көшіруге) дайындайды. Жұмыс орындарында материалдарды, құрал-саймандарды және басқа да мүліктерді қалдыруға тыйым салынады.

5.2.4 Қысқы жағдайдағы жұмыстар өндірісі

Қысқы кезеңде құбыржолдарының телеинспекциясы бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде паспорттардың талаптарын және қолданылатын жабдықтарды пайдалануға беру бойынша нұсқаулықтарды сақтау қажет.

Телеинспекциялық жабдықтары жұмысының температуралық режимдері бойынша паспорттық сипаттамалары бірдей және минус 10 градустан плюс 50 градусқа дейін ауытқиды. Қысқы уақыттағы жұмыстар кезінде жабдықтарды арнайы қатпайтын сұйықтықпен қамтамасыз ету қажет.

Жұмыс орындары және оның өтпе жолдары (оның ішінде баспалдақтар мен басқыштар) қардан, қыраудан және мұздан тазартылуы тиіс.

Сыртқы ауа температурасы 0°C-тан төмен болған кезде жұмысшылар жұмыс уақытында олардың қозғалуына кедергі келтірмейтін жылы және қолайлы киім киюлері тиіс.

5.3 Қалпына келтіру бойынша технологияларды айқындау үшін санацияларға дейін құбыржолдарын инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған операциялық карта 1-кестеде келтірілген.

1-кесте Қалпына келтіру бойынша технологияларды айқындау үшін санацияларға дейін құбыржолдарын инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған операциялық карта

| Операциялардың атауы | Машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтар, аспаптар, құрылғылар, құрал-саймандар) | Орындаушы | Операциялардың сипаттамасы |
|---|--|---|--|
| Дайындық жұмыстары | | | |
| Дайындық жұмыстары | - | 7 разрядты роботтехникалық кешенінің операторы (Ок), 5 разрядты роботтехникалық кешені операторының көмекшісі (ПО), 4 разрядты электр станциясы машинисті (Мэ), 3 разрядты АҚЖ слесарі (С1, С2, С3) | Жұмыстарды орындамастан бұрын бригаданың барлық жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқау алады (жұмыс жобасымен, аталған технологиялық картамен, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулармен танысу), қажетті саймандарды, материалдарды, аспаптарды, жарақтарды және құрылғыларды алады. ПО, Ок, Мэ, С1, С2, С3 өздерінің жұмыс орындарын дайындайды (машиналар мен механизмдердің жұмысқа жарамдылығын тексеру, электр аспаптарын қосу, құрылғыларды, мүліктерді және қол слесарлық аспаптарды қарау, тексеру және дайындау), сондай-ақ тексеруге жататын құбыржолдарының және құдықтарың учаскелерін қарауға дайындайды. |
| Негізгі және қосымша жұмыстар | | | |
| - итерілетін жүйе - өздігінен жүретін кешен - тербелмелі модуль базасында телеинспекциялық жабдықтарды жұмысқа дайындау | Автофургон, жинақтағы роботтехникалық кешені, жылжымалы электр станциясы, автономды сорғы, жүкарба, ілмек, сомын кілттер жиынтығы | ПО, Ок, Мэ, С1, С2, С3 | Ок ЖЖЖ бойынша автофургонды белгіленеді. С1, С2 және С3 қолмен жабдықтар мен құрылғыларды (роботтехникалық кешенін құраушылар, жылжымалы электр станциясы, автономды сорғы, жүкарба, ілмектер, резеңкемен қапталған құбыршек, аспаптар және т.б.) тиейді. Ок кабельді өздігінен жүретін арбаға және роботқа қосылады, резеңкемен қапталған құбыршекті автономды сорғы штуцерлеріне бекітеді. ЭМ жылжымалы электр станциясына май құяды және қосады. КО кабельді басқару бекетіне және қоректендіруші көзге жалғайды және компьютерлендірілген жабдықты қосады. ПО, Ок, С1, С2, С3 және Мэ роботтехникалық кешенін сынамалық іске қосады. |

1-кесте (жалғасы)

| Операциялардың атауы | Машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтар, аспаптар, құрылғылар, құрал-саймандар) | Орындаушы | Операциялардың сипаттамасы |
|--|--|------------------------|--|
| - телеинспекцияның итерілетін жүйесінің көмегімен құбыржолдарды телеинспекциялау | Жинақтағы итерілетін жүйе, жылжымалы электр станциясы | ПО, Ок, С1, С2, С3, Мэ | С2 бастапқы құдыққа түседі. С1 бастапқы құдықтағы жұқарбаның көмегімен телеинспекциялық жабдықтарды береді. С2 итерілетін жүйені үстінде С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, құбырға кіретін жерде қабылдайды және орнатады. ПО рацияның көмегімен С2 басқарады және бірмезетте деректерді тіркей отырып, монитордан көрсеткіштерді бақылайды. Ок қоректендіруші және телевизиялық кабельдері бар барабандардың бірлескен жұмысты бақылайды. Мэ автономды сорғыны және жылжымалы электр станциясын қамтамасыз етеді. С2 бастапқы құдықтың үстіне көтеріледі және үстінде С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, итерілетін жүйенің жабдықтарын қабылдау үшін қабылдаушы құдыққа түседі. |
| - өздігінен жүретін роботталған жүйе | Жинақтағы итерілетін жүйе, жылжымалы электр станциясы, автономды сорғы | ПО, Ок, С1, С2, С3, Мэ | С2 бастапқы құдыққа түседі. С1 бастапқы құдықтағы жұқарбаның көмегімен телеинспекциялық жабдықтарды береді. С2 өздігінен жүретін роботталған кешенді үстінде С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, құбырға кіретін жерде қабылдайды және орнатады. ПО және Ок, басқару бекетінен роботы бар өздігінен жүретін арбаны қозғалыспен басқарып, компьютерлендірілген жабдықтардағы қараған деректерді бірмезетте тіркей отырып, құбыржолдарының ішкі қабырғаларын қарауды орындайды. Ок қоректендіруші және телевизиялық кабельдері бар барабандардың бірлескен жұмысты бақылайды. Мэ автономды сорғыны және жылжымалы электр станциясына қызмет көрсетеді. С2 бастапқы құдықтың үстіне көтеріледі және үстінде С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, өздігінен жүретін роботталған кешеннің жабдықтарын қабылдау үшін қабылдаушы құдыққа түседі. |

1-кесте (жалғасы)

| Операциялардың атауы | Машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтар, аспаптар, құрылғылар, құрал-саймандар) | Орындаушы | Операциялардың сипаттамасы |
|-------------------------------|--|------------------------|---|
| - тербелмелі модуль базасында | Жинақтағы тербелмелі модуль базасындағы роботтехникалық кешені, жылжымалы электр станциясы, дабылды қалқыбелгі, сақтандырушы арқан | ПО, Ок, С1, С2, С3, Мэ | <p>С2 бастапқы құдыққа түседі. С1 бастапқы құдықтағы дабылды қалқыбелгіні береді. С2 дабылды қалқыбелгіні С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, құбырға кіретін жерде қабылдайды және орнатады. С2 дабылды қалқыбелгінің көмегімен құбыржолына телеинспекциялық жабдықтың сақтандырушы арқанды түсіреді. С2 бастапқы құдықтың үстіне көтеріледі және үстінде С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, телеинспекциялық жабдықтың сақтандырушы арқанын қабылдау үшін қабылдаушы құдыққа түседі. С2 бастапқы құдыққа түседі. С3 сақтандырушы арқанды қайықша механизмге бекітіп, оны жүкарбаның көмегімен бастапқы құдыққа түсіреді, қайықша механизмді сақтандырады. С2 қайықша механизмді қабылдап алады. С1 роликті тіректі С2 береді. С2 роликті тіректі орнатады және оны инспекцияланатын құбыржолына бекітіп, тербелмелі модульді іске қосады. С2 үстіге көтеріледі. С2 қабылдаушы құдыққа түсіп, қайықша механизмді сақтандыру және тұрақты болуы үшін оның тартылуын қадағалай отырып, арқанды бақылайды, сондай-ақ, үстінде С1 және С3 міндетті түрде сақтандыра отырып, қайықша механизмді қабылдайды.</p> <p>ПО және Ок басқару бекетінен роботы бар тербелмелі модульді қозғалыспен басқарып, компьютерлендірілген жабдықтардағы қараған деректерді бірмезетте тіркей отырып, құбыржолдарының ішкі қабырғаларын қарауды орындайды.</p> <p>Ок коректендіруші және телевизиялық кабельдері бар барабандардың бірлескен жұмысты бақылайды. Мэ жылжымалы электр станциясына қызмет көрсетеді.</p> |

1-кесте (жалғасы)

| Операциялардың атауы | Машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтар, аспаптар, құрылғылар, құрал-саймандар) | Орындаушы | Операциялардың сипаттамасы |
|--|--|------------------------|---|
| <ul style="list-style-type: none"> - итерілетін жүйе - өздігінен жүретін кешен - тербелмелі модуль базасында телеинспекциялық жабдықтарды бөлшектеу | Автофургон, жинақтағы роботтехникалық кешені, жылжымалы электр станциясы, автономды сорғы, жүкарба, ілмек, сомын кілттер жиынтығы, щеткалар, ескі шүберектер | ПО, Ок, Мэ, С1, С2, С3 | С2 бастапқы құдыққа түсіп, роботталған жабдықтарды қабылдайды, одан кабельдерді ажыратып, тығындар орнатады. С3 жүкарбаның көмегімен ілмек құдығына түседі. С2 ілмектерді жабдықтарға бекітеді, ал С3 оны үстіге жүкарбаның көмегімен көтереді. С1 және С3 үстінде С2 сақтандырады. С2 құдықтан шығып, автофургонға барады және щетканың және ескі шүберектің көмегімен кабелдегі балшық пен лайдан тазартып, кабельді барабанға орайды. ПО, Ок, С1, С2, С3 және Мэ барлық жабдықтарды жинап (кейіннен қайта жинап), барлық элементтерді автофургонның артқы бөлігінде жинайды. |
| Қорытынды жұмыстар | | | |
| Жұмыс орнын жинау | Щеткалар, ескі шүберектер, суға арналған сыйымдылықтар | ПО, Ок, Мэ, С1, С2, С3 | Барлық жұмыс бригадасы судың, щеткалар мен ескі шүберектердің көмегімен жұмыс органының машиналары мен механизмдеріне жабысқан батпақ пен лайдан тазартады, өздерінің жұмыс орындарын ретке келтіреді және жабдықты келесі жұмыс орнына баруға дайындайды. Люктерді жабады. Қоршауды алады. |

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Қалпына келтіру бойынша технологияларды айқындау үшін санацияларға дейін құбыржолдарын инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізу кезіндегі материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте Құбыржолдарын инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарды жүргізу кезіндегі материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы

Жұмыс көлемі – 100 м құбыржолы

| № р/с | Материалдың, бұйымның атауы | НТҚ атауы және мәні | Өлшем бірлігі | Саны |
|-------|-------------------------------------|---------------------|---------------|------|
| 1 | Су (жабдықты тазартуға арналған) | МЕМСТ 23732 | л | 50,0 |
| 2 | Мақта-матадан жасалған ескі шүберек | - | кг | 0,1 |

6.2 Құбыржолдарды телеинспекциялау кезінде пайдаланылатын машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтардың, аспаптардың, құрылғылар мен құрал-саймандардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтардың, аспаптардың, құрылғылар мен құрал-саймандардың тізбесі

звенода 6 адам

| № р/с | Атауы | Типі, маркасы, дайындаушы зауыт | Бағытталуы | Негізгі техникалық сипаттамалары | Звеноның (бригаданың) саны, дана |
|-------|--|---------------------------------|--------------------------------|--|----------------------------------|
| 1 | Салмақ түсетін рамадағы электрлік жүкарбасы бар автофургон | ЖЖЖ бойынша | Жабдықтарды ауыстыру | Салмағы 3,5 т г/п эл. жүкарба 0,5 т | 1 |
| 2 | Роботтехникалық кешені: | | | | |
| - | Роботтехникалық өздігінен жүретін кешен | ЖЖЖ бойынша | Құбыржолдарын телеинспекциялау | $\varnothing_{тр.} = 50$ мм-ден 2000 мм дейін $L_{max} = 600$ м | 1 |
| - | Итерілетін телеинспекциялық жүйе | ЖЖЖ бойынша | Құбыржолдарын телеинспекциялау | Тиерілетін кабельдің ұзындығы 50 м, $\varnothing 7$ мм; бейнекамера 36 мм × 53 мм | 1 |

3-кесте (жалғасы)

звенода 6 адам

| № р/с | Атауы | Типі, маркасы, дайындаушы зауыт | Бағытталуы | Негізгі техникалық сипаттамалары | Звеноның (бригаданың) саны, дана |
|----------|--|--|---|--|--|
| - | Тербелмелі модуль базасындағы телеинспекциялық кешен | ЖЖЖ бойынша | Құбыржолдарын телеинспекциялау | ұзындығы 522 мм, ені 122 мм, биіктігі 190 мм | 1 |
| 3 | Жылжымалы электр станциясы | ЖЖЖ бойынша | Электр энергиясы жұмыс орындарын қамтамасыз ету | $P_3=2,1$ кВА $P_д=3,2$ кВт | 1 |
| 4 | Жабдықтарды жууға арналған жоғары қысымды аппарат | ЖЖЖ бойынша | Инспекциялаудан кейін жабдықтарды жуу | $P_3=2,8$ кВА $P_д=7$ атм | 1 |
| 5 | Автономды сорғы | ЖЖЖ бойынша | Құдықтар мен құбыржолдарындағы судың төмендеуі | $P=3,7$ кВт $p=46$ м ³ /ч | 1 |
| 6 | Қол жетегі бар жүкарба | - | Жүкті көтеруге, ұстап тұруға және түсіруге арналған | Г/п – 250 кг | 2 |
| 7 | Сомын кілттер | - | Құбыршектер мен кабельдерді бекіту | Түтікті (қосымша) | 1 жинақ |
| 8 | Тоқыма ілмектер | ЖЖЖ бойынша | Өздігінен жүретін арбаның ілмегі | г/п=500 кг | 1 |
| 9 | Баспалдақ | ЖЖЖ бойынша | Қарау құдығына түсу-шығу | биіктігі – ЖЖЖ бойынша | 2 |
| 10 | Орауышқа арналған ұзартқыштар | - | Жабдықтарды жалғау | L-50 м | 1 |
| 11 | Фен | - | Эл. жетектегі байланыстарды кептіру | - | 1 |
| 12 | Рация | - | Жедел байланыс | R=200 м | 3 |
| 13 | Щетка (МЕМСТ 10597) | - | Батпақтар және лайдан тазарту | - | 2 |

3-кесте (жалғасы)

звенода 6 адам

| № p/c | Атауы | Типі, маркасы, дайындаушы зауыт | Бағытталуы | Негізгі техникалық сипаттамалары | Звеноның (бригаданың) саны, дана |
|----------|---|--|--|--|--|
| 14 | Шелек (МЕМСТ 20558) | - | Суға арналған сыйымдылық | V=10 л | 2 |
| 15 | Газ анализаторы | ЖЖЖ бойынша | Құдықтағы газ концентрациясын өлшеу | - | 2 |
| 16 | Аккумуляторлық шам | - | Құдықтағы жұмыс орнын жарықтандыру | Кернеуі – 12 В | 2 |
| 17 | Мәжбүрлі желдету жүйесі (желдеткіш пен гофра) | - | Бу мен газды шығару | - | 2 жиынтық |
| 18 | Азоты бар баллон | - | Сұйықтықтың бейнекамераға түсуін алдын алу | - | 1 жиынтық |
| 19 | Сақтандырушы арқанға арналған қалқыбелгі | - | Құдықтар арасындағы сақтандырушы арқандарды тарту | - | 2 |
| 20 | Қатпайтын сұйықтық пен суы бар сыйымдылық | - | Телеинспекциялаудан кейін жабдықтарды жуу | - | 1 |
| 21 | Сақтандырушы арқан | - | Бейнекамерасы бар қайықша механизмін сақтандыру | L=200 м | 2 барабан |
| 22 | Жалпақ, айыр күректер | - | Құдықтарды сорғылардан тазарту | - | 1 жиынтық |
| 23 | Комбинезон | - | Жеке қорғану құралы | - | Бригадаға |
| 24 | ОҚК костюмі | - | Құдыққа түсуге арналған | - | 2 |
| 25 | Резеңке етіктер | - | Жеке қорғану құралы | - | 4 пар |
| 26 | Қолғаптар | - | Жеке қорғану құралы | - | Бригадаға |

3-кесте (жалғасы)

звенода 6 адам

| № р/с | Атауы | Типі, маркасы, дайындаушы зауыт | Бағытталуы | Негізгі техникалық сипаттамалары | Звеноның (бригаданың) саны, дана |
|----------|--|--|--|--|--|
| 27 | Монтаждау дулығы (МЕМСТ 12.4.087) | - | Жеке қорғану құралы | - | 4 |
| 28 | Бауы бар сақтандыру белдігі (МЕМСТ 12.4.089) | - | Жеке қорғану құралы | - | 2 |
| 29 | Респиратор | ШБ-1 | Жеке қорғану құралы | - | 1 |
| 30 | Газтұтқыш | - | Жеке қорғану құралы | - | 3 |
| 31 | Сақтандырушы арқан (МЕМСТ 1868) | - | Жеке қорғану құралы | Ø12 мм, L=20 м | 2 |
| 32 | Уақытша қоршаулар (МЕМСТ 23407) | - | Ұжымдық сақтану құралы | - | ЖЖЖ бойынша |
| 33 | Қауіпсіздік белгілері (МЕМСТ 12.4.026) | - | Қауіпті аймақтардың мәні | - | ЖЖЖ бойынша |
| 34 | Дәрілік қобдиша | - | Зақымданған жағдайдағы алғашқы көмек | - | 1 |

7 жұмыс сапасына қойылатын талаптар

